

**Жаңаөзен қаласында жолаушылар мен багажды қалалық қатынаста
автомобильмен тұрақты тасымалдаудың бірыңғай тарифін белгілеу туралы**

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 29 тамыздағы № 375 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 13 қыркүйекте № 2148 тіркелді. Күші жойылды -Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 23 шілдедегі № 423 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 23.07.2013 № 423 (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі № 476 "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 19-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына сәйкес, Жаңаөзен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жаңаөзен қаласында жолаушылар мен багажды қалалық қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдаудың бірыңғай тарифі 40 (қырық) теңге көлемінде белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т. Көшмағанбетовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

С. Трұмов

Келісілді:

Жаңаөзен қалалық

мәслихатының хатшысы:

С. Мыңбай

29 тамыз 2012 ж.